



## РАТИФИКАЦИЯЛАУҒА ҚОЛ ЖЕТКІЗЕЙІК!

Кәсіподақтар №190-Конвенцияны ратификациялауын қамтамасыз етуде және оны қағаз жүзінен шынайы өмірге әкелуде маңызды рөл атқаруы мүмкін.

Мемлекеттен Конвенцияны ратификациялап, оны ұлттық заңнамаға қосуды талап ету үшін **бірлесіп жұмыс істеуіміз керек.**

### КӘСІПОДАҚТАРДЫҢ ӘРЕКЕТТЕРІ:

- ▶ Өз мүшелерін және жалпы қоғамды хабардар етіп, оқыту.
- ▶ Әрбір елде Конвенцияны ратификациялау үшін белсенді науқан жүргізу.
- ▶ Еңбек саласында зорлыққа және алымсақтыққа қарсы күресте жұмыскерлерді біріктіру.
- ▶ Басқа кәсіподақтар, ұлттық кәсіби орталықтар, коммерциялық емес және қоғамдық ұйымдармен, әсіресе әйелдер құқығы үшін күресетін топтармен бірлесу.
- ▶ №190-Конвенцияның ратификацияланғаны үшін күресу!

### Қосымша материалдар:

**UNI GLOBAL UNION** [www.breakingthecircle.org](http://www.breakingthecircle.org) **IUF** [www.iuf.org/show.php?lang=en&tid=82](http://www.iuf.org/show.php?lang=en&tid=82)  
**PSI** [www.publicservices.international/campaigns/stop-gender-based-violence-at-work?id=5676&lang=en](http://www.publicservices.international/campaigns/stop-gender-based-violence-at-work?id=5676&lang=en) **IDWF** [www.idwfed.org/en/campaigns/c190](http://www.idwfed.org/en/campaigns/c190)  
**INDUSTRIALL** [www.industrial-all-union.org/women-0](http://www.industrial-all-union.org/women-0) **IFJ** [www.ifj.org/what/gender-equality.html](http://www.ifj.org/what/gender-equality.html)



## ХЕҰ №190-КОНВЕНЦИЯСЫ ЕҢБЕК САЛАСЫНДА ЗОРЛЫҚ ПЕН АЛЫМСАҚТЫҚТЫҢ АЛДЫН

### ӨМІРДІ ЖАҚСЫҒА ӨЗГЕРТУІ МҮМКІН

**Еңбек саласында зорлық пен алымсақтыққа кез келген жерде ұшырауға болады:** жұмыс орнында, желіде, жұмысқа бара жатқанда немесе демалу және тамақ ішу орнында, киім шешу орны не дәретханада, корпоративтік кештерде...

### БІЗ ОНЫ ТОҚТАТА АЛАМЫЗ!

2019 жылғы маусым айында Халықаралық еңбек ұйымы (ХЕҰ) еңбек саласындағы зорлық пен алымсақтықты жоюға қарқынды қадам жасады. Тарихи **№ 190-конвенция** және оны толықтыратын **№ 206-Ұсыным** қабылданған болатын.

**Олар жұмыскерлердің бәрін, мәртебесі мен еңбек түріне қарамастан,** мысалы, оқушылар мен жұмыс іздеушілерді, жұмыстан шығарылғандарды, еріктілерді **қорғайды.**

- ▶ **Гендерлік зорлыққа назар аудару:** барлық жердегідей, еңбек саласында да көп жағдайда әйелдер зорлық пен алымсақтық құрбаны болып жатады.

**Конвенция барлық секторларды** — жеке және мемлекеттік, ауыл және қала жұмысшыларын, формалды және формалды емес экономикада жұмыс істейтіндерді қамтиды.

**Ол бүкіл «еңбек әлемін» қамтиды,** яғни бұл жұмыс орнынан әлдеқайда кең ұғым.

- ▶ **№190-конвенция ешкімді «сырт қалдырмайды».**

### №190-КОНВЕНЦИЯ НЕГЕ АСА МАҢЫЗДЫ?

- ▶ Еңбек саласында зорлық пен алымсақтыққа енді көз жұмып қарауға болмайды.
- ▶ Осыған тоқтам қоятын тұнғыш халықаралық заңгерлік құралға ие болдық.
- ▶ Әр адам зорлық пен алымсақтық жоқ әлемде еңбек етуіне құқылы екені алғаш рет мойындалды.
- ▶ Конвенция ұлттық заңнамадағы олқылықтарды жоюға септігін тигізеді.

# КӨЗҚАРАСТЫ ӨЗГЕРТІП, ГЕНДЕРЛІК ТЕҢДІКТІ ДАМУ

Өзара сыйластық пен қадір-қасиетке негізделген еңбек ету мәдениетін қалыптастыруда бәріміз - үкімет, жұмыс берушілер мен жұмыскерлер өз рөлімізді атқаруымыз қажет.

- ▶ Конвенция — еңбек әлеміндегі қысым және кемсітумен күресудің маңызды құралы.
- ▶ Конвенция үкіметтерден баршаға - әйелдер, мигранттар, мүмкіндігі шектеулі тұлғалар, нәсілі, ұлты, гендерлік болмысы, жыныстық бағдары әртүрлі, жергілікті халықтар өкілдері т.б. жұмыспен қамту және еңбек саласында кемсітуден қорғалу және теңдік құқығына кепіл беретін заңнаманы қабылдауды талап етеді.
- ▶ Жұмыс орнындағы қауіпті бағалау Конвенцияда ұсынылған көзқарасқа сәйкес өткізіліп, гендерлік зорлық пен алымсақтық қауіпін арттыратын факторларды (жыныс, мәдени стереотиптер мен әлеуметтік ұстанымдар) назарға алуы тиіс.
- ▶ Сонымен, алғаш рет! №190-конвенция тұрмыстық зорлықты жұмыспен қамту және еңбекке, сондай-ақ жұмысшылардың қауіпсіздігі мен денсаулығына әсер ететін факторлар деп атады.

## ЗОРЛЫҚ ЖӘНЕ АЛЫМСАҚТЫҚ ДЕГЕН НЕ?

- ▶ Зорлық және алымсақтық – жалғыз рет немесе қайталана беруі мүмкін пайда болатын және күш көрсету, психологиялық, жыныстық не экономикалық зиян келтіруге бағытталған (немесе абайсызда сондай зиян келтіруі мүмкін) мінез-құлық, тәжірибе және қарым-қатынастың барлық түрлері.
- ▶ Күш көрсету және алымсақтық – бұл жай күш көрсету емес. Бұл – жыныстық сипаттағы тиісу, ізіне түсу, қудалау, қорқыту болуы мүмкін, оның ішінде телефон арқылы немесе анонимді түрде желіде қорқыту.
- ▶ Ресурстарға немесе әртүрлі қызметтерге қол жеткізбеу – еркіндіктің басқа да шектеулері сияқты күш көрсетудің түрлері болып табылады.
- ▶ Қауіп жұмыс берушілер, менеджерлер, басшылар, әріптестер, сондай-ақ басқа тұлғалардан, туыстардан немесе жұмыс берушінің достары тарапынан келу мүмкін.
- ▶ Зорлық әйелдерге де, ер адамдарға да қатысты болуы мүмкін, алайда әйелдер әлдеқайда жиілеу зардап шегеді.
- ▶ Зорлық құрбанның жынысына қатысты жасалса, оны «гендерлік» зорлық деп атайды.
- ▶ Әрбір үшінші қыз не әйел экономикалық мәртебесіне қарамастан өмірінде кем дегенде бір рет зорлыққа ұшырайды.

# №190-КОНВЕНЦИЯСЫ ЖӘНЕ КӘСІПОДАҚТАР: БҰЛ БІЗДІҢ ҚҰРАЛ, ОНЫ ПАЙДАЛАНАЙЫҚ!

## №190-Конвенция:

- ▶ Зорлық және алымсақтық (соның ішінде тұрмыстық зорлық) мәселелерін еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігінің күн тәртібіне енгізуді талап етеді.
- ▶ Жұмыс берушілерді кәсіподақтармен бірлесіп, зорлық пен алымсақтықты жою саясатын дайындауға міндеттейді.
- ▶ Мемлекеттерді кәсіподақтарға көмек беріп, ұйымдарға еңбек саласында зорлық пен алымсақтықтың алдын алу мәселелері бойынша оқуды ұйымдастыруға көмектесуге міндеттейді.

Конвенция ХЕҰ екі мүше мемлекеті ратификациялағаннан кейін 12 айдан соң күшіне енеді. Бірақ кәсіподақтар ол сәтті күтпесе де болады: біз өз мүшелеріміздің тағдырын жақсыға өзгерту үшін бұл құралды дәл қазір қолдануға мүмкін және міндеттіміз.

№190-  
КОНВЕНЦИЯНЫ  
PDF ФОРМАТТА  
ЖҮКТЕУ



№190-Конвенция еңбек саласында зорлық пен алымсақтыққа қарсы күресу үшін кәсіподақтарға және басқа да мүдделі ұйымдарға зор ынта болмақ.

## БҰЛ МҮМКІНДІКТІ ПАЙДАЛАНУ ҚАЖЕТ!

- ▶ Науқан өткізу және ұжымдық шарттар арқылы теңдік пен кемсітуден қорғауды алға жүргізу.
- ▶ Кәсіподақ мүшелеріне еңбек саласындағы зорлық пен алымсақтықтың не екенін түсіндіру.
- ▶ Кәсіподақ мүшелеріне № 190-конвенциясы және оның маңыздылығы туралы айту: ол миллиондаған адамдардың тағдырын жақсыға өзгертіп, қауіпсіздеу еңбек жағдайын қамтамасыз етіп, зорлық пен алымсақтықтың барлық түрін, әсіресе жынысқа қатысты түрлерін жоюға көмектесе алады.
- ▶ Ұжымдық шарттарға Конвенцияда және Ұсынымда бекітілген тармақтарды енгізу.
- ▶ Жұмыс берушілермен ынтымақтасу, еңбекті қорғау саясатына зорлық пен алымсақтықтан қорғауды, ең бірінші кезекте әйелдерді қорғауды енгізу.
- ▶ Еңбек саласында зорлық пен алымсақтықпен күресу үшін дүниежүзілік кәсіподақтардың Конвенция және Ұсынымға негізделген белгілеуші келісім жасау жөніндегі жұмысын қолдау.